

Ә.М. Әлібекова

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ЖАС БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Аннотация. Жас балалардың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық заңнама нормаларымен қорғау Қазақстан Республикасы қылмыстық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мақалада қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі және жәбірленуші ретінде кәмелетке толмағандар мен жас балалардың мәртебесін құқықтық реттеу мәселелері бойынша отандық заңнама нормаларына талдау жасалды. Жүргізілген зерттеу барысында жас балалар мен кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау дәрежесіне қылмыстық заңнама нормаларымен салыстырмалы талдау, қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау кезінде қажетті аталған санаттағы адамдардың ерекшеліктері айқындалды, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың жасын белгілеу бөлігінде кейбір шет елдердің тәжірибесі зерделенді. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғаудың ерекшеліктері қаралды, талдау қорытындылары бойынша жас балалардың мүдделерін қорғау жөніндегі қылмыстық заңнаманың нормаларын жетілдіруге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: жас бала; кәмелетке толмаған; құқықтар мен бостандықтарды қорғау; қылмыстық жауаптылық; қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі; жәбірленуші; заңнаманы жетілдіру; саралау.

А.М. Алибекова

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ И СВОБОД МАЛОЛЕТНИХ

Аннотация. Защита прав и свобод малолетних нормами уголовного законодательства является одним из основных направлений уголовной политики Республики Казахстан. В статье проведен анализ норм отечественного законодательства по вопросам правовой регламентации статуса несовершеннолетних и малолетних в качестве субъекта уголовного правонарушения и потерпевшего. В ходе проведенного исследования сравнительный анализ степени защиты прав и свобод малолетних и несовершеннолетних нормами уголовного законодательства, определены особенности лиц указанной категории, необходимые при квалификации уголовных правонарушений, изучен опыт некоторых зарубежных стран в части установления возраста лиц, привлекаемых к уголовной ответственности. Рассмотрены особенности уголовно-правовой защиты малолетних по законодательству Республики Казахстан, по итогам анализа сформулированы выводы и предложения, направленные на совершенствование норм уголовного законодательства по защите интересов малолетних.

Ключевые слова: малолетний; несовершеннолетний; защита прав и свобод; уголовная ответственность; субъект уголовного правонарушения; потерпевший; совершенствование законодательства; квалификация.

A.M. Alibekova

The Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Koshy c., the Republic of Kazakhstan

SOME ASPECTS OF IMPROVING CRIMINAL LEGISLATION TO PROTECT THE RIGHTS AND FREEDOMS OF YOUNG CHILDREN

Abstract. The protection of the rights and freedoms of young children by the norms of criminal law is one of the main directions of the criminal policy of the Republic of Kazakhstan. The article analyzes the norms of domestic legislation on the legal regulation of the status of young children and minors as a subject of criminal law and the victim. In the course of the conducted research, a comparative analysis of the degree of protection of the rights and freedoms of young children and minors by the norms of criminal legislation was carried out, the characteristics of persons of this category necessary for the qualification of criminal offenses were determined, the experience of some foreign countries in terms of establishing the age of persons brought to criminal responsibility was studied. The features of the criminal legal protection of minors under the legislation of the Republic of Kazakhstan are considered, based on the results of the analysis, conclusions and proposals aimed at improving the norms of criminal legislation to protect the interests of young children are formulated.

Keywords: young children; minor; protection of rights and freedoms; criminal liability; the subject of a criminal offense; the victim; improvement of legislation; qualification.

DOI: 10.52425/25187252_2024_31_60

Кіріспе. Мемлекеттің өркендеуі мен тұрақты дамуы көбінесе азаматтардың, оның ішінде өскелең ұрпақтың әл-ауқатына байланысты.

Балалық шақтың қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету құқықтық мемлекет құрудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады.

Балалардың құқықтары мен бостандықтары ерекше құқықтық қорғау объектілері болып табылады. Балалардың тұрақты, физикалық, зияткерлік және адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің құқықтық саясаты толыққанды тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз» деп назар аударылған¹.

Міндеттері мен мақсаттары. Жарияланымның негізгі мақсаты – жас балалардың құқықтық мәртебесін құқықтық реттеудің кейбір аспектілеріне зерттеу жүргізу барысында қарастырылып отырған саладағы

заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мен қорытындылар шығара отырып, жас балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қылмыстық заңнама нормаларына талдау жүргізу. Мақаланың міндеті – жас балаларға қарсы бағытталған қылмыстық әрекеттерді саралаудың жекелеген мәселелерін анықтау.

Зерттеу әдістері. Мақаланы дайындау шеңберінде жас балалардың құқықтық мәртебесін құқықтық реттеудің ерекшеліктерін анықтау үшін, жас балалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қылмыстық заңнама нормаларын зерттеу кезінде салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі қолданылды. Логикалық әдісті қолдану қылмыстық құқық бұзушылықтардың негізгі белгілерін анықтаған кезде қылмыстық заңнама нормаларына талдау жүргізуге, қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер/талқылау. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларына сәйкес екі санат регламенттелген: кәмелетке толмағандар

¹ Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 ж. 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K23002023_1 (жүгінген күні: 15.01.2024).

және кәмелетке толмағандар (жас балалар). Атаулары ұқсас болғанымен олардың жас шамасына қарай ерекшеліктері анықталған. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің Жалпы бөлігінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) нормаларындағы азаматтардың әрекет қабілеттілігі туралы баптарды талдау барысында он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі адамдар кәмелетке толмағандар (ҚР АҚ 22-бабының 1-бөлігі) және он төрт жасқа толмаған адамдар кәмелетке толмағандар (жас балалар) деп анықтай аламыз (ҚР АҚ 23-бабының 1-бөлігі)². Бірақ, осындай кәмелетке толмағандар немесе жас балалар туралы анықтамасы бар тікелей нормалар өкінішке орай азаматтық заңнамада қарастырылмаған.

Кәмелетке толмағандар терминін анықтайтын норма ретінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 80-бабының 1-бөлігінде көзделген анықтаманы келтіруге болады: «Осы бөлімнің күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады»³. Осы баптың мағынасынан ҚР Қылмыстық кодексінде жас балалар кәмелетке толмағандар ретінде анықталмайды және жеке санатқа бөлінеді. Бірақ қолданыстағы қылмыстық заңда жас балалар туралы анықтама қарастырылмаған.

Қылмыстық заңнамада кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесі қылмыстық субъект және жәбірленуші ретінде анықталған.

ҚР ҚК 15-бабына сәйкес «Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады» делінген⁴. Сонымен қатар ерекше жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа тарту жас шамасы он төрт жастан басталуы мүмкін (ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігі). Көрсетілген жас критерийлері кәмелетке толмағандардың өздері жасаған қылмыстық әрекеттерді түсінуі тұрғысынан

негізделген болып көрінеді. Бұл жағдай кінә нысанын, оның белгілерін анықтаған кезде қажет деп танылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық туындайтын субъектінің жас шамасының мәселесі кейбір мемлекеттерде өзгеше шешілген. «Греция Бала құқықтары туралы конвенцияның (БҚК) 40(3) (А)-бабының ережелеріне сәйкес жастардың қылмыстық жауапкершілікке тартылу жасының тұжырымдамасын мойындайды. Кәмелетке толмағандар – жеті жастан он жеті жасқа дейінгі адам. Қылмыстық жауаптылыққа тартудың ең төменгі жасы – он екі жыл. Он екі жасқа толмаған кәмелетке толмаған адамдар (балалар) қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Адам он үш жастан (он екі жас және бір күн) он жеті жасқа дейін (кәмелетке толмағандар) шектеулі қылмыстық жауаптылыққа тартылады» [1, 355 б.].

Ағылшын заңнамасы қылмыстық іс- әрекет жасаған азаматтардың жас мөлшері белгілері бойынша талдау жасау барысында жауаптылыққа жас балалар тартылатыны анықталады. «Англия мен Уэльсте балалар қылмыстық жауаптылыққа тартылады және он жастан бастап қылмыстық заңнаманың барлық қатаңдығына бағынады. Жасы бойынша орта мектепке баруға тым кішкентай балалар полиция бөлімшесіне қамауға алынуы мүмкін. Олар қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін және егер олар кінәлі деп танылса, кейбір мақсаттар үшін мерзімсіз деп жариялануы керек соттылықты алады. Егер он жасар жасөспірім «ауыр қылмыс» деп саналатын құқық бұзушылық жасаса, ол корольдік сотқа жүгінеді және ересек адам үшін қарастырылғанға тең бас бостандығынан айырылуы мүмкін» [2, 1 б.]. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңымен қарастырылған қылмыстық жауаптылық жас шамасының шектеулерімен салыстырғанда, талданданған мемлекеттерде ондай жас шамасы неғұрылым төмен (төменгі шегі он –

² Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі Қазақстан Республикасының: Кодексі 1994 ж. 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_ (жүгінген күні: 15.01.2024).

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының: Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 15.01.2024).

⁴ Сол жерде.

он екі жас).

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі – ТМД) құрамындағы мемлекеттердің қылмыстық заңдарына сәйкес қылмыстық жауаптылықтың жас шамасы отандық қылмыстық заңға ұқсас шешілген (жалпы жас шамасы он алты жас, ерекше жағдайда он төрт жас белгіленген). Он төрт жастан төмен жастағы жас балалар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.

Сонымен қылмыстық жауаптылыққа жататын субъектінің жас шамасы отандық қылмыстық заңға сәйкес, келесідей анықталған:

- он алты жасқа толған адам – субъектінің жалпы жас шамасы (ҚР ҚК 15-бабының 1-бөлігіне сәйкес);

- он төрт жасқа толған адам – арнайы қылмыстық заңмен белгіленген ерекше жағдайларда (ҚР ҚК 15-бабының 2-бөлігінде қарастырылған нақты қылмыстық іс-әрекеттер жасаған болса (ауыр немесе аса ауыр қылмыстар);

- он сегіз жасқа толған адам – нақты ҚК баптың диспозициясында қарастырылған жағдайда (мысалы, ҚР ҚК 132-бабының 1-бөлігі – «Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту» және ҚР ҚК 312-бабының 2-бөлігі – «Кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту»).

Жоғарыдағы талдау негізінде қылмыстық жауаптылыққа кәмелетке толмаған адамдар және одан жоғары жастағы адам жататындығын анықтауға болады.

Қылмыстық заңда кәмелетке толмағандардың және жас балалардың құқықтық мәртебесі жәбірленуші ретінде қарастырылған. Адамның жас шамасының ерекшелітеріне қарай отандық қылмыстық заңда жәбірленушілердің келесі түрлері анықталған:

- жаңа туған бала (ҚР ҚК 101-бабы);
- бала (ҚР ҚК 138-бабы);
- балалар (ҚР ҚК 139-бабы);
- жас бала (ҚР ҚК 99-бабының 3-бөлігі, 120-бабының 4-бөлігі және т.б.);
- кәмелетке толмаған адам (ҚР ҚК 135 бабы және т.б.).

Аталғандар арнайы ерекшеліктерге ие, сондықтан осындай жәбірленушілерге қарсы қылмыстық іс-әрекеттер жасалған кезде олардың белгілері анықталу тиіс. Отандық қылмыстық заңда көрсетілгендердің тек кейбір жәбірленушілерінің белгілері көрсетілген.

Жаңа туған бала ҚР ҚК 101-бабы бойынша жәбірленуші ретінде танылады, осы бапта қарастырылған қылмыстық әрекетке талдау жүргізген кезде «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік қаулысының 25-тармағында қарастырылған ереже⁵ бойынша саралау жүргіземіз. Бұл нормаға сәйкес баланың жаңа туылғандығы сот-медициналық сараптаманың педиатриялық өлшемдеріне сәйкес айқындалатындығы туралы жазылған, бірақ, осындай жаңа туған баланың нақты анықтамасы қарастырылмаған. Бұл жағдайды қылмыстық заңдағы олқылық деп санаған жөн деп есептейміз. Заңда нақты анықталмағандықтан осындай баланың жаңа туылған жас мөлшері бойынша да сұрақтар туындайды. Медициналық терминдер сөздігі бойынша

«жаңа туған бала (neonatus) – туылғаннан бастап өмірдің 28 күніне дейінгі бала»⁶. Осындай мерзімді А.Р. Позднякова да қолдайды: «жаңа туған нәресте – бала босану арқылы ұрық ананың денесінен бөлінген сәттен бастап 28 тәулікке дейін» [3, 88 б.]. Ал Үлкен Медициналық Энциклопедияда «жаңа туған бала (neonatus) деп туылғаннан бастап, бірінші тыныстан және кіндік кесілгеннен бастап төрт аптаға дейін

⁵ Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 ж. 11 мамырдағы №1 Нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_ (жүгінген күні: 25.01.2024).

⁶ Словарь медицинских терминов [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://medicinskie-terminy.slovaronline.com/19151-NOVOROZHDENNIYIY> (жүгінген күні: 20.01.2024).

бала» танылады⁷.

Бала және балалар деген ұғымдардың анықтамасы қылмыстық заңнамада қарастырылмаған, бірақ атап өткендей ҚР ҚК бірқатар баптардың диспозициясында бала (балалар) белгісі болған жағдайда осындай іс-әрекеттерге тиісті құқықтық баға берілуі тиіс. «Бала (балалар) – он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам» деген анықтама «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 1-бабының 8-тармағында қарастырылған⁸.

Жас баланың белгілерін ҚР АҚ 23-бабының 1-бөлігіне сәйкес он төрт жасқа толмаған адамды тануға болады. Сонымен қатар жас баланың төменгі жас шамасы анықталмаған, осыған байланысты мұндай жас бала ретінде баланы туған сәттен бастап па, бір ай немесе алты ай, не бір жастан бастап санау керек пе деген бірнеше сұрақтар туындайды. Өкінішке орай, қазіргі таңда бұл мәселе өз шешімін таба алмай тұр. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау жүргізу кезінде тек қылмыстық заңнаманы қолдану тиіспіз, сондықтан аталған жәбірленушінің де ұғымы мен белгісі қылмыстың заңда немесе Жоғары Соттың нормативтік қаулыларында қарастырылғаны абзал.

Қылмыстық қол сұғушылықтардан кәмелетке толмаған адамның құқықтары мен бостандықтары қылмыстық заңмен ерекше қорғалады, осыған орай ҚР ҚК 2-тарауы «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталып тарауда бірқатар арнайы баптар қарастырылған. З.Р. Ханованың пікірі бойынша «Кәмелетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыстарда жәбірленушінің жеке басының бірқатар ерекше белгілері бар екенін ескере отырып, кәмелетке толмағанның психикасының бірқатар ерекшеліктерін ескере отырып, жасалған қылмыстың кәмелетке толмағанның қалыпты психофизикалық дамуына жойқын әсерін

ескере отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған барлық қылмыстарды қоғамдық қауіптіліктің жоғары дәрежесі бар деп санаған жөн. Оларды жасағаны үшін ересек адамға қатысты жасалған қылмыстармен салыстырғанда жоғары қылмыстық жауаптылық көзделуі тиіс» [4, 70 б.]. Осы пікірді қолдай отырып, тиісінше, жас балалардың құқықтары мен бостандықтары арнайы нормалармен қорғалу керектігі мәлім деп пікір білдіреміз.

Қылмыстық заң аталған санаттағы адамдарды жәбірленуші ретінде көздейтіндігіне және олардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғушылық үшін неғұрлым қатаң жауаптылықты белгілейтіндігіне байланысты мүдделерді қорғауды тиісті дәрежеде белгілеу мақсатында олардың әрқайсысының (жас бала, жаңа туған бала, бала) ұғымы мен белгілерін құқықтық бекіту қажет деген пікір білдіреміз.

Жас балалардың мүдделерін қылмыстық құқықтық нормалармен қорғау жөніндегі бірқатар шаралар 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен⁹ жүзеге асырылды. Аталған Заңмен ҚР Қылмыстық кодексінің адам өлтіру (ҚК-нің 99-бабы), зорлау (ҚК-нің 120-бабы), сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (ҚК-нің 121-бабы) үшін жауаптылықты көздейтін баптары жас балаларға қатысты көрсетілген әрекеттерді жасау деген аса сараланған белгілермен толықтырылды. Енгізілген толықтырулар жас балалардың өмірі мен жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғатын жеке адамға қарсы қатарындағы аса қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты. Біздің пікірімізше, мұндай өзгерістер өте

⁷ Большая Медицинская Энциклопедия (БМЭ), под ред. Петровского Б.В., 3-е издание [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://xn--90aw5c.xn--c1av/> (дата обращения: 20.01.2024).

⁸ Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы: Қазақстан Республикасының 2011 ж. 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (жүгінген күні: 20.01.2024).

⁹ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2019 ж. 27 желтоқсандағы №292-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000292> (жүгінген күні: 21.01.2024).

қажетті және уақытылы қабылданған.

Сонымен қатар жас балалардың өзге де мүдделеріне қол сұғу орын алу мүмкін, бірақ қылмыстық заңында осындай жәбірленушілердің белгілерімен тиісті баптар толығымен қамтылған деп айта алмаймыз.

ҚР ҚК бірқатар баптарында қарастырылған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жас балаларға қарсы жасалуы мүмкін, бірақ, өкінішке орай, дәл сол қылмыстық әрекеттерді жасаған тұлғаға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы саралау белгілері болмағандықтан жалпы жауаптылық негіздері туындау мүмкін.

Жас балалардың жас ерекшеліктерін, олардың психологиялық даму деңгейін және осындай адамдарға қатысты жасалатын қоғамдық қауіпті іс-әрекеттердің дәрежесін ескере отырып, ҚР ҚК 135, 140, 143 баптарында қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдарында «жас балаға қатысты жасалса» деген аса сараланған белгіні көздеу қажет.

Қорытынды. Осылайша, кәмелетке толмаған тұлғалардың және жас балалардың ерекшеліктеріне талдау жүргізу барысында осындай тұлғалардың қылмыстық заңнама бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі немесе жәбірленуші ретіндегі

құқықтық мәртебелері анықталды. Сонымен қатар жас балалардың жас шамасының, психологиялық даму деңгейінің ерекшеліктерін ескере отырып, жас балаларға қатысты қолсұғушылық жасағаны үшін кінәлі адамдардың жауаптылығын қатаңдату мақсатында ҚР ҚК-нің келесі баптарына аталған санаттағы адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады:

- ҚР ҚК 135-бабының (Кәмелетке толмағандар саудасы) 4-бөлігін келесі редакцияда 3) тармағымен толықтыру: «3) жас балаға қатысты жасаса-,»;

- ҚР ҚК 140-бабын (Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау) келесі редакцияда 2-1-бөлігімен толықтыру: «2-1. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттер, егер жас балаға қатысты жасалса-,»;

- ҚР ҚК 143-бабының (Кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету) 3-бөлігі толықтырылып келесі редакцияда жазылсын: «3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, қылмыстық топ немесе жас балаға қатысты жасаған іс-әрекеттер –».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Pitsela, A. Greece / Criminal responsibility of minors in the national and international legal orders / A. Pitsela // *Revue internationale de droit penal.* – 2004. – №75(1-2). – Pp. 355-378.
2. Bateman, T. Criminalising children for no good purpose: the age of criminal responsibility in England and Wales / T. Bateman // *Justice for Children in Trouble.* – 2012. – №10. – Pp. 1-16.
3. Позднякова, А.Р. Соотношение понятий «новорожденный», «малолетний» и «беспомощный» в преступлениях против жизни и здоровья / А.Р. Позднякова // *Вестник Белгородского юридического института МВД России имени И.Д. Путилина.* – 2021. – №4. – С. 85-88.
4. Ханова, З.Р. Общий анализ преступлений против несовершеннолетних / З.Р. Ханова // *Проблемы экономики и юридической практики.* – 2015. – №2. – С. 69-70.

References:

1. Pitsela, A. Greece / Criminal responsibility of minors in the national and international legal orders / A. Pitsela // *Revue internationale de droit penal.* – 2004. – №75(1-2). – Pp. 355-378.
2. Bateman, T. Criminalising children for no good purpose: the age of criminal responsibility in England and Wales / T. Bateman // *Justice for Children in Trouble.* – 2012. – №10. – Pp. 1-16.
3. Pozdnjakova, A.R. Sootnoshenie ponjatij «novorozhdennyj», «maloletnij» i «bespomoshhnyj» v prestuplenijah protiv zhizni i zdorov'ja / A.R. Pozdnjakova // *Vestnik Belgorodskogo juridicheskogo instituta MVD Rossii imeni I.D. Putilina.* – 2021. – №4. – S. 85-88.
4. Hanova, Z.R. Obshhij analiz prestuplenij protiv nesovershennoletnih / Z.R. Hanova // *Problemy*

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Әсел Мұратқызы Әлібекова – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: aselam@mail.ru.

Алибекова Асель Муратовна – доцент кафедры специальных юридических дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, e-mail: aselam@mail.ru.

Alibekova Assel Muratovna – Associate Professor of the Department of Special Legal Disciplines of the Institute of Postgraduate Education of the Academy of Law Enforcement Agencies at the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, e-mail: aselam@mail.ru.